

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйимы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.04 - 12.04.2024ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта қундері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Танғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылықтары нені білдіреді?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреge тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың суқұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау;	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сұртіп, орнына іле	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру;	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында түрған ойыншықтарды өз еркімен алғып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау;

	дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.		білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	қамқорлыққа тәрбиелеу.	ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуда үйрету ("ойнап болдым").
	<p><b>"Тұған жер" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды тұған жер туралы тақпақты тыңдалап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; тұған жер туралы алғашкы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын Қазақстанның табиғаты жайлы көріністерге аударады.</p> <p>Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады.</p> <p><b>Көркем сөз. "Тұған жер".</b></p>	<p><b>Саусақ жаттығуы. "Тамшылар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен ойдағыдай қимылдарды жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сактау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p>- Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды арыбері бұрау)</p>	<p><b>"Кең дала" тақпағын мәнерлеп оқу, қымылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі тақпақты мәнерлеп оқуға ынталандыру, жағымды эмоциялық қабілеттерді дамыту.</p> <p>Педагог тақпақты оқу алдында, балалардың назарын гүлденген табиғат өлкесіне аударады.</p> <p>Тақпақты мимиканың және қолдарының</p>	<p><b>"Лағым" тақпағын мәнерлеп оқу, қымылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, ешкінің төлі лақ туралы ұғымдарын жетілдіру; көркем сөзді мәнерлеп айтуда ынталандыру.</p> <p>Құралдар: лақтың ойыншығын немесе суретін пайдалану.</p> <p><b>"Лағым".</b></p> <p>Секір, секір, лағым, Тартқанша құмарың!</p> <p>Желпілдесін жел күнгі,</p> <p>Жапырақша құлағың.</p> <p>Сырт-сырт етіп</p>	<p><b>Ойын-имитация (қымыл жаттығуы) "Түйелер".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Құралдар: түйенің суреті немесе ойыншығы.</p> <p><b>"Түйелер".</b></p> <p>Өркештерін май басқан,</p> <p>Аяқтарын пан басқан.</p>

	<p>Тұған жер, алтын бесігім, Тербеттің мені төсінде. Жүреді сенің есімің Ержеткен кезде есімде.</p> <p>Жүреді мәңгі есімде Көкорай далаң, тауларың, Албыртқан аспан төсінде</p> <p>Жұлдызды тұнық таңдарың.</p> <p><b>Жарасқан Әбдірашев. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p>Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып, жұму, толқындар жасау)</p> <p>Ағызып мың бұлақты.</p> <p>Тамшыланып ағады, (саусақтармен ұстел бетіне, тізеге кезек соққылау)</p> <p>"Там-там-там" – деп соғады,</p> <p>Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады.</p> <p>Д. Ахметова <b>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p>қатысуымен оқуға болады.</p> <p><b>"Кең дала".</b> Алақай-ау, алақай, Дала қандай кең еді!</p> <p>Бәрі өзімдей балақай, Қырдың гүлін тереді.</p> <p>Н. Әлімқұлов <b>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p>тұяғын, Би билеші, лағым! Ырғып өтіп жырадан, Басына шық қияның.</p> <p>Ақ лағым, ақ лак, Мазалама маңырап. Бөпеме де сүт керек, Кете көрме жамырап!</p> <p>С. Желдірбаева <b>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>	<p>Аңы құып, жайылып, Бетегелі белді асқан.</p> <p>Әнес Нарымбетов <b>(сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</b></p>
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, орамалды ұшынан екі қолмен ұстau;</li> <li>1–1 орамалды жоғары көтеріп, тізеге қою;</li> <li>1–2 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).</li> <li>2. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстau;</li> <li>2–1 еденге еңкейіп, орамал ұстаған қолды еденге тигізу;</li> <li>2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</li> <li>3. Бастапқы қалып: тік тұрып, аяқты иық деңгейінде қою, орамалды екі ұшынан екі қолмен ұстau;</li> <li>3–1 бір аяқты жоғары көтеріп, тізені бүкпеуге тырысып, орамал ұстаған қолға жақыннату; екінші аяққа да осы жаттығу қайталаңады.</li> </ol>				

	<p>3–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);</p> <p>4. Орамалды бір қолға ұстап, бірінің артынан бірі жүгіру.</p> <p>Бірінің артынан бірі жай жүріп, орамалдарды орындарына қою.</p> <p><b>(дene шынықтыру)</b></p>										
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>										
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Сәлем саған, туған жер! Сәлем саған, туған ел! Сәлем тобым! Сәлем, досым! Сәлем, көркем! Сәлем, көктем!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>										
<b>Білім беру үйимының кестесі бойынша үйимдастырылған іс-әрекет</b>	<table border="1"> <tr> <td><b>Дене шынықтыру</b> "Енбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттер.</td><td><b>Музыка</b> "Жер-Ана, кең дала!" Мақсат-міндеттер.</td><td><b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек түбі - береке". Мақсат-міндеттер.</td><td><b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек етсең емерсің". Мақсат-міндеттер.</td><td><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Құлыншаққа шарбақ". Мақсат-міндеттер.</td></tr> <tr> <td>Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтүге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау икемділігіне</td><td>Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп</td><td>Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шенбер бойымен салтанатты адымдатып,</td><td>Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шенбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу</td><td>Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі</td></tr> </table>	<b>Дене шынықтыру</b> "Енбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттер.	<b>Музыка</b> "Жер-Ана, кең дала!" Мақсат-міндеттер.	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек түбі - береке". Мақсат-міндеттер.	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек етсең емерсің". Мақсат-міндеттер.	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Құлыншаққа шарбақ". Мақсат-міндеттер.	Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтүге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау икемділігіне	Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп	Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шенбер бойымен салтанатты адымдатып,	Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шенбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу	Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі
<b>Дене шынықтыру</b> "Енбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттер.	<b>Музыка</b> "Жер-Ана, кең дала!" Мақсат-міндеттер.	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек түбі - береке". Мақсат-міндеттер.	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңбек етсең емерсің". Мақсат-міндеттер.	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Құлыншаққа шарбақ". Мақсат-міндеттер.							
Балаларды төрт тағандап доғадан еңбектеп өтүге жаттықтыру; еңбектеу кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтау икемділігіне	Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп	Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шенбер бойымен салтанатты адымдатып,	Балаларды қолдарындағы орамалдарымен шенбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу	Балаларды суретке арналған қағаз бетін бағдарлай отырып, мазмұнды сурет объектілерінің бірі							

	<p>машықтандыру; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын менгерту. Балалардың төрт тағандап доғадан еңбектеп өту қабілетін дамыту; төрт тағандап доғадан еңбектеу кезінде денені тепе-тендікте ұстай білу дағдыларын менгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; еңбектеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.</p>	<p>айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.</p>	<p>жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта журу; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; үйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.</p>	<p>және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, орамалдарын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта журу; төрт тағандап еңбектеп өту техникасын қорытындылау; үйымдастырылған іс-әрекетін пысықтау.</p>	<p>болатын құлыншақтың бейнесін байқап, оның алдында көлденең созылған екі таяқшаны тігінен қысқа сзықтарға, "шарбақтарға", бормен салып толтыруға үйрету; сзықтарды сол жақ шеттөн онға қарай, аяғына дейін, жоғарыдан төменге, таяқшаларға тигізіп салып шығуға жаттықтыру; сзықтарды бірыңғай қимылмен сол жақтан онға қарай жүргізіп отыруға дағдыландыру; бордан қалған іздерінің "шарбақ таяқшаларының" бағытын байқап, келесі жерге ауыса білу қабілетіне баулу; үй жануарларына</p>
--	---	---	---	--	---

					көктемде жасалатын қамқорлық туралы түсінік беру.
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Бұлттарды бақылау.</b> <b>(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсаты. Балаларды көк аспандың ақ бұлттарды бақылауға машиқтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге үқсайтындарына көніл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев. <b>"Бұлтар үқсан</b></p>	<p><b>Желді бақылау.</b> <b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (кушті, әлсіз, жылы, сұық, көктемгі).</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы тазарту). <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат</p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b> <b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауарайының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (кустарға ұя салу). <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу</p>	<p><b>Күстарды бақылау.</b> <b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажыратса білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектермен бірге ауланы сыйыру). <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Кімыл-қозғалыс ойындары:</b> "Біз көнілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дene шынықтыру)</p>	<p><b>Ауа температурасын бақылау.</b> <b>(коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ересектермен бірге ауланы сыйыру). <b>(еңбек дағдылары)</b></p> <p><b>Кімыл-қозғалыс ойындары:</b> "Біз көнілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>

<p><b>ұшайық" қымыл ойыны.</b></p> <p>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.</li> <li>- Мен: "Қатты жел соқты!" деген кезде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап, "ұшасыңдар".</li> </ul> <p><b>Енбекке баулу тапсырмалары:</b></p> <p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шакыру.</p> <p>Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p><b>"Ұшақтар" қымылды ойны.</b></p> <p>Мақсаты. Балалардың ұшақ көлігін елестетіп, қолдарын жан-жаққа</p>	<p>алуды үйрету.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b></p> <p><b>"Маралдарды аулау". (dene шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p>қозғалыстарды дамыту (жүрү), зейінді дамыту, қымылдарды үйлестіру. (dene шынықтыру)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үlestіруге үйрету.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Тегіс жолда". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: баяу қалыптен жүруді, секіріп, тізе бұгуді үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p>қозғалыстарды дамыту: "Тар жолда". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қымылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту.</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойындары:</b> "Тез ал, тез қой", "Жұбынды қуыш жет". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p>қозғалыстарды дамыту:</p> <p>"Сарбаздар" жаттығуы. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).</p>	<p>балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту.</p>
---	--	---	--	--

<p>жайып, түрлі бағыттарға жүгіру және белгілі жерде тоқтай білу дағдыларын дамыту; зеректікке, шапшаңдыққа баулу. Педагог балаларға ұшақтың таңбалауыштарын таратады.</p> <p>- Балалар - бұл біздің ұшақтар тұратын әуежай, алаң. Ұшақтар "у-у-у" деп дыбыстап, аспанға көтеріліп үшады, ал содан соң өз алаңына қайтады.</p> <p>- Мен "Ұшақтар, ұшындар!" десем - сендер ұшақтарды жүргізіп, аспанға ұшып жүресіндер.</p> <p>- "Ұшақтар, алаңға!" десем - мениң жанымда жиналасындар, жерге шоқайып отырасындар. Келістік пе? Бастайық.</p> <p>- Қане, ұшақтар, ұшындар!</p> <p>Қолдарымызды жан-жаққа жаямыз, "у-у-у"! Біраздан кейін педагог</p>				
--	--	--	--	--

	<p>балаларды аланға шақырады, жүгірудегі қауіпсіздікті қадағалаиды. Ойын екі рет жүргізіледі. Педагог балалардың бір-біріне соғылмауын қадағалау керек.</p> <p><b>"Масаны ұстап ал!" қимылды ойны.</b> Мақсаты: балаларда қозғалысты көзben көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.</p>			
<b>Серуеннен оралу</b>	<p><b>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.</b> Сылдырылайды мөлдір су, Мөлдір суга қолынды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, мандайың.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>			
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру.</p> <p><i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім.</p>			

	<p>Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>					
<b>Күндізгі үйқы</b>	Балалардың тыныш үйықтауына жағымды жағдай жасау.					
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p><b>Үйқышар жаттығулары.</b> Керует жанындағы жаттығулар "Құстар"            1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».            2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.            3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.            4. "Құстар көнілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.  <b>(дene шынықтыру)</b></p>					
<b>Бесін ас</b>	<p><b>"Қолды қалай дұрыс жуу керек".</b> Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>					
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойндары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды М.</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Құс ұясы". Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп,</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жылқы мен құлын". Мақсат-міндеттер. Балаларға үй</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Жер-Ана". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музикалық</td> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Ритмикалық жаттығулар.</b> Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңсeltу) Гүлдерде, (гүлді көрсету: еki жұдырықты</td> </tr> </table>	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды М.	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Құс ұясы". Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп,	<b>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жылқы мен құлын". Мақсат-міндеттер. Балаларға үй	<b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Жер-Ана". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музикалық	<b>Ритмикалық жаттығулар.</b> Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңсeltу) Гүлдерде, (гүлді көрсету: еki жұдырықты
<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды М.	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Құс ұясы". Мақсат-міндеттер. Балаларды "құс ұясын" құрастыруда "қорап", "үйшік" жасауды еске түсіріп,	<b>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жылқы мен құлын". Мақсат-міндеттер. Балаларға үй	<b>Музықадан ойын-жаттығу</b> "Жер-Ана". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсініп, музикалық	<b>Ритмикалық жаттығулар.</b> Ағаштарда, (қолдар көтеру, жан-жаққа теңсeltу) Гүлдерде, (гүлді көрсету: еki жұдырықты		

	<p>қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау.</p>	<p>құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; приzmanы шатыр түрінде қолдануды менгерту; педагогтің әдістеріне және үлгіге сай құрылыш нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұфымдарын қалыптастыру. Балалардың құрылыш материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін артиру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту.</p>	<p>жануары жылқы мен құлынның тіршілігі және олардың адам өмірінде алатын орны туралы жапы түсінік беру; сурет мазмұнында аталған кейішкерлерді байқап, атап көрсетуге машықтау, сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету.</p>	<p>фрагментті мұқият тыңдай білу қабілеттерін дамыту; музыкалық- ырғактық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.</p>	<p>біріктіру, саусақтарды жоғары созу, алақанды ашып-жабу) Жасыл бұталарда, (отыру, алақанды ашу) Қарлығаштар да («қанаттарын» сермен) Қояндар да (секірді) Қыздар мен ұлдар да - (бір орында журу) Барлығымыз тұрамыз осында (қолды алға созу, алақанды көтеру) Үлкен ғаламшарда (үлкен шарды көрсетеді) <b>(сөйлеуді дамыту,</b> <b>дене шынықтыру)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Ойын-имитация. "Құлыншақ".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөздің ырғағына сай қимылдауға, құлыншақтардың қимылдарына еліктей білуге ынталандыру; үй</p>	<p><b>Н. Жанаев «Табиғат анамыз» тақпағын мәнерлеп оқу.</b> Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.</p>	<p>"Бақ-бақ суретін жинайық" дамытуши жаттығуы. Балалар үшін бірнеше ұяшыққа бөлініп, бірыңғай түспен жабылған панно көрсетіледі.</p>	<p>"Далада қызғалдақтар өсті" шығармашылық рефлексиясы. Табақшаға салынған үшбұрыш, дөңгелектер мен санау таяқшаларын ұлестіріледі. Балалар</p>	<p>"Андар не істей алады?" атты мультфильмін көрү. Мақсат-міндеттер. Балалардың андар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес</p>

	<p>жануарларының төлдері жайында ұғымдар қалыптастыру: түйсікті, жағымды эмоцияларды дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балаларға құлыншақтардың маскаларын кигізу.</p> <p><b>"Құлыншақ".</b></p> <p>Құлын, құлын, құлыншақ,</p> <p>Желкілдейді тұлымشاқ.</p> <p>Мандайында жұлдызы,</p> <p>Құйрығында құндызы.</p> <p>М. Жаманбалинов.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Жазда аралап тауында, Барамыз біз бауында. Өзеніне шомылып, Жүгіреміз жауында.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b></p>	<p>Педагог ұяшықтарды кезекпен ашып тұрады, балалар бақбақтың қай бөлігі ашылғанын атайды (басы, сабағы, жапырағы).</p> <p>Балалар атап бере алмай жатса, бақбақтың толық ашылған суретін ұсынып, балаларға айтқызу керек.</p> <p>Сурет ашылғаннан кейін балаларға бақбақтың бөліктерін қайталату керек..</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, бақбақ ағаш па? Бақбақ – гүл. Қайталайық. Жарайсыңдар.</li> <li>- Балалар, гүлдерді жұлуға болмайды. Гүлдерді күту керек.</li> <li>- Бақбақ қандай тамаша! Алакай!</li> </ul> <p><b>(сөйлеуді дамыту,</b></p>	<p>үстелде геометриялық пішіндерден далада өскен гүлдерді құрастырады.</p>	<p>еліктеу қымылдарын жасауға ынталандыру.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, музика)</b></p>
--	---	---	---	--	--

			<b>коршаған ортамен танысу)</b>		
<b>Серуенге дайындық</b>	" <b>Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы</b> ". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	Тұсқи уақыттаға серуендеңі бақылауды жалғастыру. ( <b>коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> )				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. ( <b>дербес қимыл әрекеті</b> )				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақста-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертеғілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. ( <b>коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет</b> ) Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. ( <b>музыка</b> ) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін,				

	<p>музыкалық сөз тіркестерінің сонын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру.</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жapsыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағылар, жapsыру, мүсіндеу, сурет салу)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде женіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> <p>Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. <b>(сенсорика)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сарандыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	Әңгімелесу: "Баланы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармалырымен таныстырудың маңызы", "Баланың сұрақтарына, қажеттеріне құлақ асу қажет пе?", "Баланың мінезіндегі жаңа қылыштары нені білдіреді?".